

Т.Нұрмағанбетовтің «Какаду» әңгімесіндегі тілдік-стильдік ерекшеліктер

педагогика ғылымдарының магистрі Акшабаева Л.М.
педагогика ғылымдарының магистрі Баербекова А.Е.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

XX ғасырда әлемде көптеген өзгерістер болды, ал қазақ үшін ең үлкен өзгеріс – көшпелі тұрмыстан отырықшы тұрмысқа ауысу болды дейді Акселеу Сейдімбек. Көшпелі дәуірмен қоштасу деген бізге ықылым заманда болған нәрсе көрінгенімен, ол осыдан екі-үш ұрпақ бұрынғы ғана жағдай екен. Және сол көшпелілерден қалған, бәлен жылдар бойы қалыптасқан психология XX ғасырда отырықшының немесе коммунистің психологиясына бірден ауыса салмапты. Күн сайын әлсірей берсе де, сүйекке сіңіп, болмыспен астасып кеткен әдеттер, мінездер қалмай, күні бүгінге дейін жетіпті. Және елдің өткен өткелдері нәтижесінде ұлттық санаға жаңадан бояулар да қосылып, болмаған мінездер де пайда болыпты... Тынымбайдың әлемі осы өзгерістерді қамтиды, басқаша айтсақ, «Тымақ жоғалғаннан тотықұс өлгенге дейінгі уақытты» суреттейді. Яғни сәвет үкіметі көшпелі тұрмысқа тырнағын шын батыра бастаған уақыттан күні бүгінге дейін деген сөз («Бөрібайдың тымағын ит алып қашатын қыс кәмпескеден сәл әрі, яки сәл бері» дейді Нұрқабыл шал әңгімеде, демек, тымақ жоғалатын уақыт пен кәмпескеден басталатын қызыл қырғынның уақыты сәйкес келеді, ал «Какаду» әңгімесінің кейіпкері осы заманның, бүгіннің адамы, оның тотықұсы да кеше, я болмаса оның алдыңғы күндері өлді деп қабылдай аламыз [1].

Какаду – астарлы пародияға құрылған туынды. Автор осы шығармамен қазіргі қоғамдағы, биліктегі түрлі проблемаларды суреттейді. Қазіргі әдебиетте автор өлімі, құдай өлімі және адам (адамилықтың) өлімі деген терминдер қолданылып жүр. Бұл туындыда адам өлімі «қара юмор» арқылы бейнеледі. Сатқындық, жағымпаздық, суайттық, алдау, арбау, т.б. жағымсыз қасиеттер - адамның өлімін көрсетеді. Шығарманың қысқаша мазмұны былай:

Жоғары жақпен сыйыса алмай шет елге кеткен Тәкежан Байгелдіге Какаду деген тотықұсын тастап кетеді. Байгелді өзі әйелімен ажырасып, оған дейінгі әдеті ішуге біржолата бет бұрған адам екен. Тотықұс екеуі әбден достасып кетеді. Байгелді Какадуға арақ ішуді үйретеді. Оны көрген Ерік деген әкімшілікте істейтін суайт сыныптасы құсты бір жетіге деп сұрап алады да, әкімге сыйлап жібереді. Әкім болса өзінен үлкен, тіпті үлкен болғанда да үлкен кісіге сыйлап жібереді. Ерік те, әкім де өсіп шыға келеді. Байгелді болса құсты сағынып, қайғыға батады. Құс та бұны сағынып, ауырып қалады. Сөйтіп екеуі қайта табысады. Үлкен кісінің орысша сөйлейтін адамдары емде деп әкеліп тастайды. Осы кезде қайдан естігені белгісіз, «маған сат» деп хабарласатындар көбейеді. Байгелді шет елде жүрген Тәкежанға көмекшісі арқылы жағдайды ескертеді. Сөйтіп құсқа талас басталады. Бірақ құсты алып Австралияға қашамын деп отырғанда құсы арақты көбірек сілтеп жібереді де, жан

тапсырады. Осы кезде орысша сөйлейтін көмекші де, Тәкежанның адамы да, сатып алмақ болып хабарласып жүретін жігіт те, суайт досы Ерік те келіп, құстың өлігін өз көздерімен көреді. Содан үш күн өткеннен кейін Байгелді қайта ішіп кетті дейді. Кейде түсінде Какадумен бірге Австралия ормандарында ойнап-күліп жүреді екен. Әрине, құс тілінде. Бір жолы тіпті екеуі ән шырқағанда орманның құстары көздеріне жас алып тұрып тыңдапты.

Басты кейіпкер Байгелді бала-шағасынан, әйелінен айрылған, «бөтелкемен» жолдас адам. Тотықұсты досы әкелген күннен бастап, оның өмірі өзгере бастайды. Какаду оның сырласына, өмірінің мәніне айналады. *«Құдайым-ау, осы құсты Тәкежан менің бағыма сыйлап кеткен-ау. Егер бұл тотықұс болмағанда мен құса болып әлдеқашан өлер ме едім... Сен маған көңілді өмір, күлкі сыладың-ау – деп тотықұстың тұмсығынан сүйген. Тіпті тотықұстан айырылғанда да баз кешеді. Ол үшін арақты да тастауға бел буады. «Менің өмірімдегі жалғыз қуаныш болған тотым-ау, мен сен үшін, сорақы әдетіңді тастату үшін отыз жыл жолдас болған арақты да тастадым емес пе? ... Иесінің көп сөзінен шаршаған тотықұс бейжай қалыппен: Арр аа ақ! деді. Осы сөз Байгелді салын суға кетірді. Енді не істерін білмей ауыр күрсінді. «Мұндай күрсініс әкесі өлгенде болып па еді, шешесі өлгенде болып па еді...тіпті осыдан бір жыл бұрын әйелі, бала-шағасы тастап кете барғанда болып па еді...анығы есіңде жоқ. Болмаған секілді»[2,32-336]..* Жазушы осы мәтіндер арқылы қазақ қоғамында үлкен проблема – отбасы мәселесіне үлкен мән, орын берген. Қаншама ер азамат арақтың кесірінен жұмысынан, отбасынан айырылды. Бұл – үлкен дерт. Осы ауыр дертке бүгін қазақ баласы шалдығып отыр. Сонымен қатар, автор Какаду құсын өзек етіп ала отыра, отбасы мәселесін, ел тағдырын астарлы пародия жасаған. Қара юмордың ерекшелігі адамның өлімін әспеттеп суреттейді. Бұл жерде де сондай детальдарды байқауымызға болады. Қоғамның, сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың деградациясы. Адам өмірінен, ел тарихынан гөрі Австралиядан келген тотықұстың тағдыры артық.

Байгелді мен Еріктің диалогында мынадай сөздер бар:

- Баеке, үлкен кісінің адамдары хабарласты ғой?
- Ия, олар да жабысып... осы тотықұс болмағанда қалай күндерін көрегенін.
- Жүз мың...депсің тотықұсты емдетуге.
- Ойбай-ау, безіп жолмай кетеді екен десем.
- Өте аз сұрағансың. Ондай тотықұсты емдету үшін екі жүз мың сұрауға әбден болады, есіңде болсын...
- Доллар ма?
- Ол деңгейдегі кісілер доллармен ғана есептеседі.
- Ерік-ау, ол көп ақша ғой. Халық ыңырсып, әсіресе ана ауылдағылар күнін көре алмай отырғанда...
- Баеке, есіңде болсын, байып алған адамдар «жұрттың бәрі мен секілді бай» деп есептейді [2,55-56 б]..
- Сонда тотықұс Байгелдіге отбасынан, ел билеушілерге халықтан жоғары болып тұр.

Шығармада сайлау науқаны туралы да астар кездеседі. *Ей, Какаду-у, бүкіл тотықұстардың президенті. Тіпті бүкіл Австралия құстарының президенті. Немене сен тұрғанда...ана шүйкедей ғана болған бұйра тоты мен ергежейлі тотықұстар да президент болмақ па?... Сенімен таласуға қызыл ара мен көгілдір араның дәмесі бар-ақ шығар...бірақ сенен асу қайда оларға? Егер, австралия құстары арасында сайлау науқаны бастала қалса, анау құйрығы бір құлаш ғицат ара біраз жерге дейін сенімен таласып баратын шығар. Бірақ жеңіс сенікі ғой. Құдай біледі, Австралия құстарының тоқсан үш пайызы өзіңе дауыс берер». Бұл Қазақстанның саяси аренасындағы ащы шындық. Тоқсан үш пайыз тіркесі бүгінгі күнде үйреншікті сөзге айналып кеткен. Егер біреу осындай басым дауыспен жеңіп жатса, ешкім таң қалмайды[2,336]. Жазушы адам мен тотықұстың арасында осындай комикалық диалогтарды сәтті пайдаланады. Бір қарасаңыз, ішіп алған адамның сандырағы секілді көрінеді. Алайда оның ар жағында үлкен трагедия жатыр.*

Жазушы масм-медиа өкілдеріне де орын беріп, олардың кейбірінің ел тағдырынан гөрі, саяси тұлғаның өмірін жазатынын, тіттей нәрсені зорайтып көрсетінін де пародияған. *«Үйге қайтып келе жатып, тағы да қаланың өсек-аянын жазатын газет сатып алды. Газеттің бірінші бетінде «Үлкен кісінің тотықұсы емделіп жатыр» деген тақырыппен хабар беріліпті. Онда: «Үлкен кісініңадамша сөйлейтін тотықұсы ойда жоқта ауырып қалыпты. Сенімді кісілердің айтуынша, ол бұрынғы иесінің қолында емделіп жатқан көрінеді» деп жазылған»*[2,466]. Осы контексте жазушы қазіргі журналистикадағы сауатсыздықты көрсеткен. *«Сенімді кісілердің айтуынша»* қыстырма сөзі арқылы жазушы журналистердің ақпарат көзін өздері нақты барып, біліп емес, біреу арқылы білетінін және ұсақ-түйек (Какадудың ауырып қалуы) мәселелерге баратынын емеурінмен жеткізеді.

«Үлкен кісінің осы айтқандарын сондай құрметпен қайталап, өзінің үш жетіден қайта келетінін ескертіп, орыстілді қазақ қайта шығып кетті [2,416]. Бұл сөйлемдергі *үлкен кісі және орыстілді қазақ* деген тіркестер арқылы жазушы бүгінгі биліктегі жағдайды астарлаған секілді. *Үлкен кісі* деп әдетте қазақ халқы адам жасына қаратып айтса, бұл контексте оның мағынасы мүлдем өзгерген. Бұл жерде оның мағынасы билікке қатысты жағымпаздықты білдіреді. Ал орыстілді қазақ тіркесі арқылы жазушы сол биліктегі адамның тілі – ресми тіл екендігін аңғартады.

Кейбір бейнорма қолданыстар да кездесіп жатады: ертеңіне таңертегілік өзін *«қаладағы бір компанияда істейтін едім»* деп таныстырып бір жігіт телефондады [2,486]. Осы сөйлемдегі *телефондады* етістігі телефон (қоңырау) шалды деп қолданылатыны белгілі.

Какаду әңгімесі – Қазақстанның қазіргі жағдайын суреттейтін шығарма. Бұл шығарманы толықтай постмодернистік деп атауға келмейді. Себебі бұл туындыда интермәтінділікке тән белгілер болғанымен, хаос, симуляция, симуякр, т.б. терминдерді жұмсай алмаймыз. Бұл шығармада тек осы бағыттың нышандары ғана бар. Біз жоғарыда айтып өткен, *«қара юмор»*, пародия осы шығармаға тән. Қара юмордың ерекшелігі – өлімді күлкіге

айналдыру. Бұл шығармада адамның (субъектінің) өлімі кездеседі. Автордың (постмодернистік әдебиетте автор жоқ) ешбір кейіпкері ешқандай симпатияға ие емес. Басты кейіпкердің өзі жиіркеніш сезімін ұялатады. Шығармадағы әрбір кейіпкер карнавалдағы театрдың актерлері секілді. Бәрі де адам өлімін, адамилықтың жоғалуын ерекше шабытпен ойнайды. Бұл театрда ешкім де басты рөлге ие емес бәрі тең. Бұрынғы әдебиетте авторлардың кейіпкерлері жағымды және жағымсыз болып бөлінетін еді. Қазіргі әдебиетте ондай үрдіс байқалмайтын секілді. Жазушы кез келген кейіпкеріне жаны ашымайды, оларға деген салқындық бар. Міне, осы салқындықтың сызын «Какаду» әңгімесінен байқауға болады. Автор басты кейіпкерге де, басқа кейіпкерлерге де жаны ашымайды. Бәрі жағымсыз кейіпке ие. Мүмкін, бұл бүгінгі әдебиеттің жаңалығы да шығар. Психоаналитикада Көлеңке архетипі жайлы айтылады. Бұл архетип адамның бойындағы жаман қасиеттердің алға шығуын көрсетіп, Эгоның (Мен) оған төтеп бере алмауын білдіреді. Аңыздағы Алпамыс, Ертөстік Меннің символдары, ал Көлеңке (Тень) архетипінің символдары – Қараман, Мыстан, т.б. міне, осылардан жеңіліске ұшыраған қазіргі кездегі Мен (Эго) толықтай дағдарысқа (деградация) ұшырады. Бірнеше ұсақ Эго пайда болды. Бірін –бірі тыңдамайтын, әлсіз. Ескі аңыздар осы толықты, инициацияны білдіріп отырған. Адамның толық екенін көрсеткен. Қазіргі кезде бұның дұрыс реттелмеуін аналитиктер индустриалды-техникалық қоғаммен байланыстырады. Осы қоғамға тап болған Байгелді секілді кейіпкерлер тығырыққа тіреліп, оның жеңіл жолына, яғни ішімдікке салынды. Себебі адам өзінің реттеп отыратын табиғи аппаратынан айрылды. «Какаду» әңгімесі де өз табиғи болмысынан айырылған қоғамды суреттейді. Байдың кедейді түсінбеуі, жалпы адамды адамның түсінбеуі – біздің көлеңкемізде жатқан жаман қасиеттеріміздің шығуымен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлменбет А. Тымақ жоғалғаннан тотықұс өлгенге дейін. – <http://www.writers.kz>
2. «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журнал №5(25) 2015 жыл